



**СӘТБАЕВ**  
УНИВЕРСИТЕТІ

**« Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

3-деңгейлі  
СМЖ құжаты

2022 жылғы « 05 » 12  
№1 редакция

Е 029-05-01.8.02-2022

**Халықаралық және республикалық деңгейдегі  
имидждік іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін  
марапаттау туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Е 029-05-01.8.02-2022**

Алматы 2022

**АЛҒЫСӨЗ**

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Жастар ісі және спорт департаментінде **ӨЗІРЛЕНДІ**


Жастар ісі және спорт департаменті директорының міндетін атқарушы  
«21» 11 2022 ж.



Ә.Төлепберген


**2 КЕЛІСІЛДІ**

Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор  
«02» 12 2022 ж.




М.Әлімханов

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
«01» 12 2022 ж.



Б.Жәутіков

Басқарма мүшесі – ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор  
«30» 11 2022 ж.




Ә.Шоқпаров

Қаржы және есеп департаментінің директоры - бас бухгалтер  
«29» 11 2022 ж.




Г.Токжігітова

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы  
«28» 11 2022 ж.




А.Сауранбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының міндетін атқарушы  
«25» 11 2022 ж.



Т. Абуkenов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы  
«24» 11 2022 ж.



Ж.Орақбаева

3 Ғылыми кеңестің 2022 жылғы «05» 12 № 15 отырысында **МАҚҰЛДАНЫП, ТАЛҚЫЛАНДЫ**

4 Басқарманың 2022 жылғы «05» 12 № 15 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

5 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Ақшалай сыйақы алу шарты	5
4 Ақшалай сыйақы төлеу тәртібі	5
5 Қорытынды ережелер	6
Өзгерістерді тіркеу парағы	7



## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы "Халықаралық және республикалық деңгейдегі имидждік іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау туралы ереже" (бұдан әрі – Ереже) "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" КЕАҚ (бұдан әрі - Университет) меншікті қаражаты есебінен жеңімпаздар мен номинанттарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Имидждік іс-шаралар – бұл университеттің абыройы мен беделін нығайтуға, оның оң имиджін қалыптастыруға, талапкерлердің адалдығын арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Имидждік іс-шараларға мыналар жатады:

- Зияткерлік, шығармашылық байқаулар, фестивальдер;
- Ғылыми байқаулар мен стартаптар;
- Пікірсайыс турнирлері;
- Спорттық жарыстар.

Имидждік іс-шаралар университеттің іс-шаралар жоспарына сәйкес бекітіледі.

1.3 Имидждік іс-шараларды өткізудің мақсаты университеттің оң имиджін қалыптастыру, ғылыми идеяларды ілгерілету, шетелдік білім алушылар мен талапкерлерді ЖОО-ның бейресми студенттік қызметіне тарту болып табылады.

1.4 Өткізілетін имидждік іс шаралар туралы ақпарат ресми сайтта <https://satbayev.university>, сондай-ақ университеттің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі ([facebook.com/satbayevuniversity](https://facebook.com/satbayevuniversity), [instagram.com/satbayev\\_university](https://instagram.com/satbayev_university)) парақшаларда және әлеуметтік желінің тәуелсіз жаңалықтар беттерінде (Facebook, Instagram, Telegram және т.б.) жарияланады.

## 2 Нормативтік сілтемелер

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III "Білім туралы" Заңы;
- ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы;
- "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" КЕАҚ Жарғысы;
- ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңы;
- "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ ішкі нормативтік құжаттары.



### **3 Имидждік іс-шаралардың қатысушылары мен жүлдегерлерінің ақшалай сыйақы алу шарттары**

3.1 Имидждік іс-шараларға қатысуға рұқсат етіледі:

- бакалавриат, магистратура, докторантураның күндізгі бөлімінің білім алушылары, сондай-ақ олардың ғылыми жетекшілері;
- талапкерлер мен олардың жетекшілері.

3.2 Ақшалай сыйақы алуға келесі қатысушылар құқылы:

- бекітілген құзыретті тұлғалар (қазылар алқасы, судьялар және т.б.) төрелігінің қорытындысы бойынша имидждік іс-шараның жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

- түрлі номинациялардың иегерлері.

3.3 Шетелдік және республикалық студенттердің, сондай-ақ мектеп оқушыларының (талапкерлердің) қатысуымен іс-шараның жұмысын үйлестіруді және іс-шаралардың маңызды бөлігін пысықтауды имидждік іс-шараны өткізетін құрылымдық бөлімше қамтамасыз етеді.

3.4 Сыйақы төлеу үнемдеу есебінен және университеттің тиісті жылға арналған даму жоспарында көзделген сомалар шегінде жүргізіледі.

### **4 Ақшалай сыйақы төлеу тәртібі**

4.1 Имидждік іс-шараны өткізуге және оларды Даму жоспарына енгізуге өтінімдер алдыңғы жоспарланған жылдың 01 қыркүйегіне дейін әрбір іс-шараның негіздемесін қамтитын түсіндірме жазбамен экономика және стратегиялық жоспарлау бөліміне беріледі.

4.2 Бюджеттік комиссия университет бюджетін қалыптастыру және бөлу процесінде бөлімшенің бюджетіне сәйкес имидждік іс-шараны өткізуге өтінімдерді қарайды. Комиссия имидждік іс-шараны өткізудің орындылығы мен қажеттілігіне қарайды және шешім қабылдайды және күнтізбелік жылға арналған Іс-шаралар жоспарын бекітеді.

4.3 Бекітілген іс-шаралар жоспарына, қажет болған жағдайда, бюджеттік комиссия ағымдағы күнтізбелік жылдың имидждік іс-шарасын өткізуге арналған өтінімге сәйкес өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізеді.

4.4 Университеттің бекітілген бюджеті негізінде құрылымдық бөлімше шығындар сметасын жасайды және жетекшілік ететін проректор қол қоятын имидждік іс-шараны өткізу туралы бұйрық қалыптастырады.

4.5 Имидждік іс-шара өткізілгеннен кейін құрылымдық бөлімше бекітілген құзыретті тұлғалардың (қазылар алқасы, судьялар және т.б.) қолы қойылған хаттама және ақшалай сыйақы төлеу туралы бұйрық қалыптастырады.

Әрбір құрылымдық бөлімше қазылар алқасының, судьялардың және т.б. құрамын дербес айқындайды және бекітілген тізімді хаттамаға қоса береді.

4.6 Қаржы және есеп департаменті бұйрыққа, шығындар сметасына және хаттамаға сәйкес сыйақы төлеуді жүргізеді.

## 5 Қорытынды ережелер

5.1 Бұл Ереже Ғылыми кеңестің отырысында талқыланып, мақұлданады және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Басқармасының шешімімен бекітіледі.


5.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар жаңа редакцияда ереже жасау немесе осы Ережеге қосымшалар түрінде өзгерістер (толықтырулар) рәсімдеу арқылы енгізіледі.

5.3 Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және университет басшысы немесе өзге де уәкілетті лауазымды тұлға белгіленген тәртіппен күшін жойған сәтке дейін қолданылады.

5.4 Сыйақыларды төлеу Университет қаражаты есебінен жүргізіледі.



Сәтбаев университетіндегі өткізілетін имидждік іс-шараларға қатысушылар мен жеңімпаздарды марапаттау



## Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі және күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі мен аты-жөні, қолы, лауазымы
2.	Қосымша	қосу	№ 05.07.2022		Бекен С.А. Медико-медициналық